

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшерін азайтты

2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі бағыттарының бірі – зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіру. Осыған байланысты бірқатар жаңалықтарды іске асыру көзделген.

Өзгерістер зейнетақы активтерінен БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасына да қатысты, ол 01.07.2023 жылдан бастап айына 0,01-ден 0,008 пайызға дейін төмендейді. Бұл ретте ол республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және тиісті күнтізбелік айдың 1-ші күніндегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-да ашылған міндетті зейнетақы жарналары есепке алынатын зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауға тиіс.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ комиссиялық сыйақысы осыған дейін 2021 жылы қайта қаралған болатын. Сол кезден бастап БЖЗҚ комиссиясы зейнетақы активтерінің 0,01% аспады. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап БЖЗҚ инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алмайды. Оны тек зейнетақы активтерін басқарушылар ғана алады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ, инвестициялық табыстың 2% аспайды) және инвестициялық портфельді басқарушылар (инвестициялық табыстың 7,5% аспайды). Бұл ретте 2023 жылы ҚРҰБ комиссиялық сыйақысының шамасы инвестициялық табыстан 1,5%, ал 2022 жылы 1,8% мөлшерінде болды.

Айта кетейік, БЖЗҚ құрылған кезде оның комиссиялық сыйақы мөлшері инвестициялық табыстың 7,5% және зейнетақы активтерінен айына 0,025% аспауы тиіс екендігі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Бұл жеке зейнетақы қорлары (ЖЗҚ) алған мөлшерден екі есе аз. Сонымен қатар, БЖЗҚ Ұлттық банкпен бірлесіп жыл сайын комиссиялық сыйақы мөлшерін азайту және Қор шығындарын оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізді. Мысалы, 2016-2017 жылдары зейнетақы активтерінен комиссия 0,0225%, 2018-2019 жылдары 0,015%, 2020 жылы 0,011% болды.

Осылайша, БЖЗҚ қызметін бастаған 2014 жылдан бергі уақыт аралығында зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы мөлшері 68% төмендеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).